



Автор: Шалкарбаева Гулжайнар Кайруллина

Пән: Геометрия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Үшбұрыштар

Тақырып: Үшбұрыштар теңдігінің белгілері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу; 7.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде
Сабақтың мақсаты:	Үшбұрыштардың теңдігі” туралы алған білімдерін шығармашылықпен зерттеу, ой түйіндеу арқылы жұмыс жасау қабілетін қалыптастырады
Тілдік мақсаттар:	Үшбұрыштың теңдігі
Күтілетін нәтиже:	Жеке, топтық жұмыс жасауға үйренеді, білгенін, түсінгенін салыстыруға, талқылауға, ой елегінен өткізуге дағдыланады, бірімшеге байланысты есептер шығаруды меңгереді
Бағалау критерийлері:	Жеке, топтық жұмыс жасауға үйренеді, білгенін, түсінгенін салыстыруға, талқылауға, ой елегінен өткізуге дағдыланады, бірімшеге байланысты есептер шығаруды меңгереді
Құндылықтарды дарыту:	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	слайд
Пәнаралық байланыс:	Сызу
Бастапқы білім:	Фигура

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Екі қабырғасы тең болатын үшбұрыш 2. Жазықтықта қиылыспайтын екі түзу 3. Геометрия неше бөлімнен тұрады? 4. Екі нүктемен шектелген түзудің бөлігі 5. Бір нүктеден шыққан түзу 6. Планиметрия нені зерттейді 7. Барлық қабырғалары тең үшбұрыш	
Сабақтың ортасы	Пікірталас сұрақтарымен жұмыс Ассоциация құру	
Сабақтың соңы	I 1. ABCD тіктөртбұрышының AC диагоналі оны ABC және ACD екі бұрышқа бөледі. Осы үшбұрыштың теңдігін үшбұрыштар теңдігінің 1 және 2 белгілеріне сүйене отырып дәлелде. 2. AB және CD түзулері O нүктесінде қиылысады. OA=OB, OC=OD. AC BD болатынын дәлелдеңдер. 3. AB және CD түзулері O нүктесінде қиылысады. OA=OB, OC=OD. $\triangle ACD = \triangle BDC$ болатынын дәлелдеңдер. 4. ABC үшбұрышының AD медианасының созындысына DE=AD салынды. $\triangle ABD = \triangle ECD$ болатынын дәлелдеңдер. II $\triangle EFL = \triangle PQM$ екені белгілі. PQ=4,5cm, QM=7cm, MP=8,5cm болса, EFL үшбұрышының периметрі қандай болады. Үшбұрыштар теңдігінің екінші белгісіне кері теореманы тұжырымдап, дәлелдеңдер III Тең үшбұрыштардың сәйкес қабырғаларына жүргізілген медианаларының тең болатынын дәлелдеңдер.	
Рефлексия	Интервью әдісі	